

ӘОЖ 792

А.С. Цхай*, Г.Ю. Сайтова

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: AlexandraTskhay11@mail.ru

**Қазақстандағы Корей театрының дамуы
және кейбір аспектілерінің қалыптасуы**

Мақалада Қазақстан территориясындағы алғашқы ұлттық Мемлекеттік Республикалық корей музыкалық комедия театрының қалыптасу, даму тарихы туралы қарастырылған. Халық ауыз шығармашылығының үздік үлгілерін сақтап, сахнаға шығарған алғашқы актерлар, театр драматургтары туралы ой толғайды.

Қиыр шығыстан Қазақстанға жер аударылған кезеңнен бастап театрдың даму жолдары зерттелген. Театр ХІХ ғасырдың 60-жылдары «орыс теңіз жағалауын игерген» кәрістердің ресейлік ұрпақтарының күшімен құрылды.

1932-1937 аралығы жер аударылғанға дейінгі Қиыр шығыс кезеңінде «өздері қалыптастырылған дағдылы өмір салтына сүйене ғасырлар бойы келе жатқан дәстүрлерін ұстанды». Кәрістер театрландырылған көпшілік ойын-сауық ұйымдастырған. Осындай ойын-сауық кездерінде би ерекше орын алғанын атау керек, оның себебі «корей халқының ұлттық рухын көрсететін би өнері болған. Ұлттық мәдениеттің ерекшелігін осы би өнері өз бойына жиған...».

Корей театрының құрылған кезеңінен репертуардан түспей келе жатқан корей халқының классикалық жыры негізінде жазылған «Чун Хян қыз туралы аңыз» спектаклі қарастырылды.

Түйін сөздер: корей театры, актер, режиссер, аңыз, гвандэ, пластика, би, жанр.

A.S. Tskhay, G.Yu. Saitova

Several aspects of organization and development of Korean theater in Kazakhstan

Offered article – pages of history of organization and development of the State Republican Korean theater of the musical comedy – the first Korean national theater in the territory of Kazakhstan. The article tells about the first actors, playwrights of the theater who managed to keep and realize the best models of folklore on stage.

The article researches the stages of development of theater, starting from the Far East, deportation to Kazakhstan. The theater was created by forces of the Russian Koreans which ancestors, back in the sixties of the XIX century «digested coastal areas of the Russian Primorye». It is noteworthy that during the Far East period, between 1932-1937, before deportation, Koreans «based on a habitual lifestyle, continued to follow the traditions which have settled throughout centuries». Koreans arranged the mass celebrations which were of theatrical nature. It is noteworthy that the dance prevailed in the show because «the art of dance is the embodiment of national spirit of the Korean people. ... Dance concentrated the main features of national culture... « of Korean people.

The article also considers the «Legend on the Girl Chong Hyan» performance created on the basis of the classical Korean epos and which is consistent in the repertoire of the Korean theater from the date of its foundation and which is the calling card of the theater.

Key words: Korean theater, actor, director, legend, gvande (equilibrists), plastics, dance, genre.

А.С. Цхай, Г.Ю. Сайтова

Некоторые тенденции формирования и развития Корейского театра в Казахстане

В статье рассматриваются страницы истории формирования и развития Государственного Республиканского корейского театра музыкальной комедии – первого корейского национально-

го театра на территории Казахстана. О первых актерах, драматургах театра, сумевших сохранить и воплотить на сцене лучшие образцы устного народного творчества.

Исследованы этапы развития театра, начиная с Дальнего Востока, депортации в Казахстан. Театр был создан силами российских корейцев, предки которых еще в 60-х годах XIX века «освоили прибрежные районы русского Приморья».

Заметим, что в дальневосточный период, между 1932-1937 годами, до депортации, корейцы, «основываясь на привычном образе жизни..., продолжали следовать устоявшимся на протяжении веков традициям». Корейцы устраивали массовые гуляния, носившие театрализованный характер. В представлении превалировал танец, потому что «воплощением национального духа корейского народа является искусство танца. ...Именно танец концентрировал в себе основные особенности национальной культуры...» корейского народа.

Рассмотрен спектакль «Сказание о девушке Чун Хян», созданный на основе классического корейского эпоса и неизменно имеющийся в репертуаре Корейского театра со дня его образования, а также являющийся визитной карточкой театра.

Ключевые слова: корейский театр, актер, режиссер, сказание, гвандэ, пластика, танец, жанр.

Ұсынылып отырған мақала – Қазақстан территориясында алғашқы ұлттық корей театры – Мемлекеттік Республикалық корей музыкалық комедия театрының сахнасында іске асырылған корей ұлттық хореографиясы қарастырылған.

«Корей театрының тарихы» атты еңбектің авторларының бірі Анатолий Ким: «Алдымен корей әлемінің адамдары бір ғана тарихи анықтама алулары керек», – деп көрсетті [1, 6]. Ол: «Біздің театр – корей халқының жаңа тарихындағы ең ежелгі ұлттық театр», – деп ойын жалғайды. Оның себебі Жапония XX ғасырдың басында Кореяны аннексиялап, кәрістерге өз тілін қолдануға тыйым салды... Осыған байланысты корей тілінің мәдени институты сонымен қатар театры жойылып кетті. Бұл жағдай жапондықтарды Кореядан қуып шыққан XX ғасырдың 40-жылдарына дейін сақталды. Ал, біздің театр Ресейдің Қиыр шығысында 1932 жылы құрылды. Бұл дүниежүзіндегі алғашқы ұлттық корей театры болды!» [1, 6].

Корей театрының тарихын зерттей отырып, корей халқының Қиыр шығыстан жер аударылуына және Қазақстанның ішінде көшіп-қонуына байланысты даму жолын бірнеше кезеңге бөлуге болады.

Сонымен, «... 1932 жылдың 9 қыркүйегінде Кеңес үкіметінің қаулысымен Владивосток қаласында Аймақтық корей театры құрылды». Театр XIX ғасырдың 60-жылдары «орыс теңіз жағалауын игерген» [2, 137] кәрістердің ресейлік ұрпақтарының күшімен құрылды.

Теңіз жағалауындағы Ресейлік кәрістердің тарихын зерттей келе С.Е. Ли: «XX ғасырдың басында Корей түбегінен шығып, өмір сүріп жатқан Ресей кәрістерінің саны 200 мыңға жуық болса оның 100 мыңы Ресей азаматтары болды»,

– деп көрсетті [3, 40-45]. 1932-1937 аралығы жер аударылғанға дейінгі Қиыр шығыс кезеңінде «өздері қалыптастырған дағдылы өмір салтына сүйене ғасырлар бойы келе жатқан дәстүрлерін ұстанды» [4, 94]. Олар дәстүрлі мерекелерде «ұлттық әдет-ғұрпын, дәстүрін, өнегесін, барлық корей мәдениетінің негізін сақтап келген» [5, 246-247]. Бұл мерекелер ежелгі ауылшаруашылық күнтізбелеріне байланысты болды, Шығыс Жаңа жылы және берекелі Чухусок (күзгі өнім жинау) күні. Кәрістер театрландырылған көпшілік ойын-сауық ұйымдастырған. Осындай ойын-сауық кездерінде би ерекше орын алғанын атау керек, оның себебі «корей халқының ұлттық рухын көрсететін би өнері болған. Ұлттық мәдениеттің ерекшелігін осы би өнері өз бойына жиған...» [6, 4].

Сондықтан, көпшілік серуендеу мерекелерінде гонг, флейта, каяг, барабан аспаптарымен музыканттардың сүйемелдеуінде көпшілік және жеке билер биленген. Бір орындаушылар маскада болса, енді біреулері ізгілік пен зұлымдықты білдіретін қызыл және көк костюмдер киіп, енді бірі барабандар мен желпуіш ұстап билеген.

Шығыс күнтізбесі бойынша Жаңа жылды мерекелеу кезінде балалар үй-үйді аралап, ежелден келе жатқан жасы үлкен жандарға сәлем беру «Сэбэ» (иіліп сәлем беру) дәстүрін орындауға қатысқан. Дәстүрлі сәлемнен кейін әркім өз жанынан шығарған билерін билей бастаған. Балаларды ұлттық мәдениет байлығымен таныстыру, музыка мен биге оқыту ежелгі салт-дәстүрді білуде, ұлттық сана-сезімді және әлеуметтік белсенділікті арттыруда үлкен мағынаға ие болды.

Жоғарыда айтылған жәйттар арқылы ән, музыка, би – корей халқының негізгі шығармашы-

лық түрлері театрландырылған өнер элементтерін бойына сіңіргенін және осының барлығы театрдың құрылуына себеп болғанын көреміз.

Сондықтан, корей театрының тууы табиғи заңдылық деуге болады. Қиыр шығыс кезеңі – актер труппасының қалыптасу, ұлттық драматургияның пайда болу, «шығармашылық бағыттың қалыптасу» [7, 10] кезеңі болды.

Темекі өндіретін фабриканың және Владивосток қаласының №8 орта мектебінің, «Синханчхон» клубының («Жаңа корей слободкасы»), «Пуциловка» елді мекені шаруа жастар мектебінің, педагогика техникумының көркем шығармашылық драма үйірмелері Қиыр шығыс халқының алдында өнер көрсете бастады. Клуб сахналарында «өткір сатиралық және үгіт-насихаттық нөмірлер қойылып, корей әуендері мен әндері орындалды», сонымен қатар дәстүрлі билер биленді.

Жоғарыда көрсетілген үйірмелердің басында жастар тұрды және сол жастардың кейбірі көркем шығармашылықтан жетіліп, драматург, режиссер, алдыңғы қатарлы актерларға дейін өсті. Солардың арасында корей театрының дамуына ерекше үлес қосқан: Тхай Дян Чун – кейін ҚазССР-дың еңбек сіңірген өнер қайраткері, СССР Жазушылар Одағының мүшесі; Ен Сен Ен – режиссер, ҚазССР-дың еңбек сіңірген өнер қайраткері, драматург, СССР Жазушылар Одағының мүшесі; Ким Иксу (Николай) – алғашқы спектакльдерді қойған. ртістер – Тен Ху Гем, Тен Виктор, Ли Гиен, Ли Мария, Цой Бон До – ҚазССР-дың халық әртісі, Ким Дин – ҚазССР-дың халық әртісі. Цой Гир – Өзбек ССР-дың еңбек сіңірген мәдениет қызметкері және Ли Генхи – Өзбек ССР-дың еңбек сіңірген әртісі.

Корей халқының ертегілері, аңыздары мен музыкалық драмалары негізінде үлкен жігерлілікпен, шабытпен іске кіріскен драматургтар жас театрға арнап шығармалар жазды. Ұлттық дәстүрдің, драматургияның үздік үлгілерін сақтай отырып, «ел кезуші комедианттардың мерекелік көрсетілімі – гвандэ (квандэ), музыкалық драма элементтерін бойына сіңірген ортағасыр повестерін пхансори үлгісінде айтатын жыршылардың аңыздарын және салттық ойындар сахналарын спектакль қоюшылармен бірлесе пьесаларға енгізді.

Халық театрының алғашқы актерлары мен квандэнің арқасында көптеген ертегілер мен аңыздар, жырлар сақталды. Олар тек керемет әңгімешілер ғана емес әнші, биші, драматургтар болды. Аңыздарды айта отырып, сол аңыз, ерте-

гілердің кейіпкерлеріне айналды және жаңа мағына беру арқылы кейіпкерлердің образдарын аша алды. Бұл суырып салмалық шеберліктерімен, дене пластикасымен бір актердің театры деуге тұрарлық өнер болды.

Ежелден бүгінгі күнге жеткен халық фольклорының арқауы сахналық шығармалардың негізі болды: «Сказание о девушке Чун Хян», «Сказание о девушке Сим Чен», «Сказание о зайце», «Сказание о Хынбу», «Сказание о фазане», сонымен қатар «Самчук саги» – үш хандық тарихы хроника және уақыт хроникасы Имчжин соғысы. Халық бұл аңыздарды сүйіп тыңдады [7, 5].

Корей халқының классикалық жыры негізінде жазылған «Сказание о девушке Чун Хян» спектаклі «театр құрылған күннен бастап репертуардан түскен емес» және осы театрдың бетпердесіне айналды.

Сонымен, «Владивосток қаласында 1935 жылдың 6 қыркүйегінде «Синханчхон» клубының ғимаратында «Сказание о девушке Чун Хян» спектаклінің премьерасы өтті. Премьера жөнінде И.Ф. Ким өзінің «Корейский советский театр» атты кітабында: «Ен Сенен қойған, суретші Пан Ирчу керемет көркемдеген «Сказание о девушке Чун Хян» спектаклі жүздеген аншлагты басынан өткізді. Көптеген жандар «Сказание о девушке Чун Хян» спектаклін арнайы Владивосток қаласына келіп көрді. Театр осы спектакль арқылы өзін кәсіби театр деңгейіне көтерді және бекітті [7, 64, 65].

Театр жұмыс істеп отырған уақыт ішінде (1932-2014 жж.) пьеса бірнеше рет жаңаланды (60-70-80-жж.). 2007 жылы театрдың корей халқының қазақстанда тұрып жатқанының жетпіс бес жыл толуына және Корей театрының 75 жылдығына орай спектакль қайта қалпына келтіріліп қойылды. Пьеса әрбір қайта қойылғанда махаббат тақырыбы өзгеріссіз болғанын айтқымыз келеді.

Актерлік сәттіліктер көп болды, дегенмен, «Ли Хамдек, Ким Дин, Цой Бондо, Ким Хя Ун» [7, 67] еңбектері ерекше аталынды. Алғашқы орындаушылар бұрынғы көркем шығармашылық үйірмеден келген өткен ғасырдың 30-50-жылдары труппаның белді мүшелері еді. Бұл актерлар барлық жанрды меңгерген. Олар актер, музыкант және бишілер болды. Сол кездердегі жас актриса Цой Бон До дайындық кезеңдерін еске алғанда, корей халық биін өте жақсы білетін, музыкант Ли Бон Хак туралы жылы лебіздерін білдірді. Ол: «Халық биін орындау-

шы және билерді музыкалық ұрмалы аспаппен сүйемелдеуші Ли Бон Хак корей биінің характерін, орындау мәнерін меңгеруде өзі көрсете отырып, әрбір актермен жұмыс істейтін», – деп еске алады [7, 67].

Ұстазының шеберлік ерекшелігін үлкен ризашылықпен бойына сіңіре отырып, жас Цой Бон До би өнерінде өзінің стилін, орындаушылық мәнерін меңгергенін айтады. Оның ғажайып пластикасы Чун Хян қыздың керемет образын жасауға мүмкіндік берді.

Халық әнін орындаушы Цой Сам Нен мен корей классикалық музыкасын жетік білетін флейтист-музыкант Ким Сен Дюдін күшімен «Сказание о девушке Чун Хян» спектакліне халық әндері мен ел арасында таралған музыкалық шығармалар таңдалып алынды.

(Пьесаның аннотациясы. Гисен (гейши) қызы мен жас аристократ жігіт И Мон Реннің бір-біріне деген айнымас махаббаты көрсетілген. Онда махаббат және қиыншылықтарды жеңу бар. Әділеттіліктің жеңісі бар).

«Сказание о девушке Чун Хян» спектаклі корей актерларының түгел бір буынының мекені болды деуге негіз бар. Осы спектакль тамаша дарынды актрисаларға шығармашылық өмірге жолдама берді, соның бірі бүгінгі күні ҚазССР-дың халық әртісі Ли Хам Дек. Басты рольдерді орындаушылар туралы: Ли Хам Дек-Чун және оның әріптес-жұбы Ким Дин-Монен жөнінде «майталман үздік жұп» дейтін. Ли Хам Дек пен Ким Дин балғын махаббаттарын өте нәзіктікпен көрсете алды. Тағдырдың қандай да қиыншылығына тап болса да жеңе білді, олардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі арта түсті. 1964 жылы Ли Хам Дектің 50 жасқа толған мерейтойына орай өткен спектакль-бенефистінде тағы да Чун Хян рөлін ойнады. И.Ф. Ким «Ли Хам Дектің талантының алдында, жігерлі де жас жүрегінің алдында уақытта дәрменсіз. Әр қимылында, ым-әрекетінде, сөзінде қаншама әйелге тән нәзіктік, сәнділік, әсерлі сүйкімділік, рухтылық жатты», – деп баға берді [7, б.67].

Театр тарихы беттерін ақтара отырып, 1961 жылы Ташкент театр институтын бітіріп Қызылорда қаласындағы корей театрының табалдырығын атаған жас актриса Пак Мая Чун Хян рөлін ойнағанын білдік. Актриса өз трактовкасында корей қызының көпқырлы психологиясын жан-жақты көрсете алды: оның поэтикалық

рухын, бірбеткей өткір мінезділігін, нәзіктігі мен лирикалы жан дүниесін керемет ашты.

Ерекше пластика қажет ететін образдар – Панчжа, қарапайым халық өкілі, тұтас бір қарапайым халықтың характерін көрсетуде қызметші әйел Хяндан образы гротескалық бағытта берілген, Ким Хя Ун сомдаған Панчжа рөлі «керемет пластиканы игерген», оның тек қана актерлік жетістігі болған жоқ, вокалды-би сахналарын орындауда өзін керемет көрсетті әрі бұл спектакль жетістігі болды.

Хяндан рөлін орындаушы Ким Татьяна М «көрерменін нағыз халықтық мінезімен тәнті етті» [7, б.70].

Спектакль жаңа редакциясында 2007 жылдың сәуір айында қойылды. Спектакльді қоюға Сеул қаласының Мемлекеттік корей театрының актеры И Ён Хо шақырылды.

Чососн дәуірінде жазылған «Сказание о Чун Хян» аңызының бірнеше түрі бар. Қоюшы-режиссер И Ён Хо комедия жанрына тоқталған. Қызметшілер рөлін орындаған Хян Дан – актриса Ольга Мун және Бан Дя – Алишер Махпиров өтте сәтті мизансценалар қолданған. Қызметшілер шыққан сахналарда қуақы әзіл мен күлдіргі ойындардың қолданылуы актерларға әртүрлі сахналық тәсілдер қолдануға мүмкіндік берді.

Сеулден келген режиссер мен актер Ким Чин Со-ның (билеуші И Мон Реннің баласы) және ұжымның жұмысы нәтижелі болғанын айтып өткен жөн. Премьерадан кейін театрдың бас режиссеры Олег Ли өз сұхбатында: «Спектакль тарихи Отанымызбен байланысты нығайту мақсатында қойылды. Этникалық мәнерді, сөйлеу мәнерін, салтты көрсету. Киім, тіл, фольклорлық ым-әрекеттер және әзіл күдік тудырмады... Чун Хян (Антонина Шегай) лирикалық кейіпкерге тән әсем трагикалы болды. Ким Чин Со (И Мон Рен) кейде қарапайым, кейде қуақы кейіпкерді сахнаға шығарды, дегенмен, лирика аздау болғанын айту керек» [8].

Е. Королева «Би және музыка ерекше керемет болды... Барабанмен биленетін би керемет әсерлі болды», – деп жазды.

Режиссер И Ён Хо-ның нақты мизансценалары, спектакльдің жалпы суретінің нәзіктігі, режиссердің айқын ұстанымы арқылы қойылған бұл спектакль Алматы қаласындағы Мемлекеттік Республикалық корей музыкалық комедия театрының шығармашылық тарихында белгілі белес болып қалды.

Әдебиеттер

- 1 Тен З., Акишева А., Цой Ен Гын История корейского театра (на русском, казахском, корейском языках). – Алматы: Раритет, 2007. – 288 с.
- 2 Толстых И.Н. Этнокультурные особенности хореографического искусства корейцев: дис.... канд.истор.наук. – Владивосток: Учреждение Российской академии наук. Институт истории, археологии и этнографии народов Дальнего Востока ДВО РАН., 2010. – 20 с.
- 3 Ли С.Е. История Приморских Российских корейцев и современность // Многонациональное Приморье: история и современность. – 1999. – С. 42-45.
- 4 Королева В.А. Музыка и театр корейцев на Дальнем Востоке России (1860-1937 гг.) диалог истории и искусства. – Владивосток: ДВГУ, 2008. – 328 с
- 5 Чжан Чжон Рён, Петров А.И. Корейцы – иммигранты на Дальнем Востоке России 1860-1890 гг. // Россия и АТР. – 2001. – №1. – С. 65-70.
- 6 Мун Бюн Нам Танцевальная культура Кореи: История и современность: дис.... канд.культурологии: 24.00.01. – Санкт-Петербург: Санкт-Петербургский Государственный университет культуры и искусств, 2001. – 134 с.
- 7 Ким И.Ф. Советский корейский театр. – Алма-Ата: Онер, 1982. -204 с.
- 8 Королева Е. Сказание о девушке Чун Хян URL:http://www.afisha.kz/news/teatr_tanets/culture_1234/ (22.02.2014).

References

- 1 Editors Z.Ten, A.Akischeva, Tsoi Yen Gyn. The History of Korean theater (in Russian, Kazakh and Korean languages) – Almaty: Raritet, 2007. – 288 p.
- 2 Tolstykh I.N. Ethno cultural peculiarities of Korean Dance Art: thesis ... candidate of historical sciences. – Vladivostok: RAN Branch. Institute of History, Archaeology and Ethnography of Far East peoples. Far East Branch of RAN., 2010. – 20 p.
- 3 Lee S.Ye. History and contemporaneity of Primorye Koreans // Multinational Primorye: History and contemporaneity. – 1999/ – P. 42-45.
- 4 Koroleva V.A. Music and Theater of Koreans in the Far East of Russia (1860-1937) Dialogue of history and art. Vladivostok: Far East State University, 2008. – 328 p.
- 5 Zhang Zhong Ryen, Petrov A.I. Koreans – immigrants in the Far East of Russia 1860-1890 // Russia and ATR. – 2001. – №1. – P. 65-70.
- 6 Mun Byong Nam Dance Culture of Korea: History and contemporaneity: thesis. ... Doctor of cultural studies: 24.00.01. – Saint Petersburg: Saint Petersburg State University of culture and arts – 2010. – 134 p.
- 7 Kim I.F. Soviet Korean theater. – Alma-Ata: Oner, 1982. -204 p.
- 8 Koroleva Ye. Legend on the Girl Chong Hyan URL:http://www.afisha.kz/news/teatr_tanets/culture_1234/ (22.02.2014).